КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2026 жылғы 16 сәуір №5265-26-00-2/946 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.М.Дербисова,
сот отырысының хатшысы Б.Муталиповтың қатысуымен ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Абай ауданы әкім аппараты» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Artd group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2.Келісім шартты бұзу туралы
3.Тұрақсыздық айыппұлды өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор Е.Байымбетов
Талап қоюшының өкілі А.Сабыржанов
Жауапкер А.Родцев

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылғы 27 ақпандағы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттамасымен «Artd group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (әрі қарай – ЖШС) жеңімпаз болып танылған.

Тараптар арасында құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы 2025 жылы 7 наурызда №97 келісім шарты түзілген. Шарттың жалпы құны 86 147 596.64 теңге, 1 қосымшаға сай жауапкер келісім шарт қазынашылық органға тіркелгеннен кейін 3 ай ішінде орындауға міндеттенген.

Документ подписан: Дербисова А. М., 21.04.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

2025 жылы 18 тамызда 2025 жылы 7 наурызда №97 келісім шартқа №97-1 қосымша келісім түзілген, ол бойынша шарттың мерзімі 6 айға ұзартылған.

Талап қоюшы сотқа талап арыз беріп, жауапкер мемлекеттік сатып алу туралы келісім шартты орындамағанын көрсетіп №97 келісім шартты бұзуды, мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тануды, 2 239 837,51 теңге тұрақсыздық айыппұл өндіруді сұраған.

Жауапкер талап қою арызына келтірген қарсылықта талапты мойындамай, келісім шартты мерзімінде орындауға мүмкіндік болмаған соң, тараптар арасында қосымша келісім түзіліп мерзімі 6 айға созылған, қазіргі кезде жұмыстар толық орындалғанын көрсеткен.

Талап қоюшының өкілі А.Сабыржанов сотта талапты қолдап, талапты қанағаттандыруды сұрайды.

Жауапкердің өкілі А.Родцев сотта талапты мойындамай қарсылықта көрсетілген негіздермен талапты қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Прокурор талап арыз қанағаттандыруға жатады деген қорытынды берген.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1-3 талаптар бойынша

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы Заңының 8-бабының 4-тармағына 3) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272 бабына (әрі қарай - АК) сәйкес, міндеттемелер міндеттеменің шартына және заң талаптарына сәйкес, тиісінше орындалуы тиіс.

Тараптар арасындағы келісім шарт бойынша жауапкер Шымкент қаласы, Абай ауданы, Кызылжар шағын ауданында.,Токбайге көшесіне балалар ойын алаңын орнатуға міндеттенген. Келісім шарттың 1 қосымшасына сай жауапкер келісім шарт қазынашылық органға тіркелгеннен кейін 3 ай ішінде орындауға міндеттенген.

Алайда тараптар арасында 2025 жылы 18 тамызда 2025 жылы 7 наурызда №97 келісім шартқа №97-1 қосымша келісім түзілген, ол бойынша шарттың мерзімі 6 айға ұзартылған.

Сотта анықталғандарға қарағанда жауапкер келісім шарт бойынша жұмыстарды 2025 жылы 3 қазанда аяқтаған, тапсырыс беруші орындаған жұмыстардың актісі түзіп қабылдап алған.

Тараптардың іске тіркеген фото суреттеріне қарағанда балалар ойын алаңын орнатылғаны көрінеді.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 4 нормативтік қаулысының 8-тармағына сай мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім

Документ подписан: Дербисова А. М., 21.04.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы).

Жауапкер келісім шартпен көзделген жұмыстарды орындағанын, талап қоюшы қабылдап алғанын, тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдар жоқ екенін ескеріп, әділдік пен парасаттылық өлшемдерін негізге ала отырып, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, келісім шартты бұзу, тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы талабын қанағаттандырудан бас тартуға негіз бар деп табады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Абай ауданы әкім аппараты» мемлекеттік мекемесінің «Artd group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану, келісім шартты бұзу, тұрақсыздық айыппұлды өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Шешімге наразы жақ Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 403, 404 баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья А.М.Дербісова

Документ подписан: Дербисова А. М., 21.04.2026